

"Тұрғын үйді ұстау жүніндегі шығындарға түлем мөлшерін белгілеу туралы"
Алматы қаласы әкімінің 1997 жылғы 25 тамыздағы № 442 шешіміне
толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің шешімі 1999 жылғы 30 наурыздағы N 307. Алматы қаласының әділет басқармасында 1999 жылғы 3 желтоқсанда N 83 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 1/129 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 14.08.2001 N 1/129 қаулысымен.

Алматы қаласындағы тұрғын үйлердегі газ қондырғыларының апаты жөніндегі төтенше сипаттағы жағдайдың көбеюіне байланысты, қызмет көрсету ұйымдарының дұрыс деңгейдегі біліктілігінің және апат жағдайын жедел басу қимылдарының жоқтығы, мұның барлығы халықтың өмірінің, денсаулығының, мүлкінің қауіпсіздігіне қауіп туғызады, қоршаған ортаға зиян тигізеді, осылардың алдын алып ескерту шараларды қабылдау мақсатында Алматы қаласының Әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылғы 25 тамыздағы N№442 "Тұрғын үйді ұстау жөніндегі шығындарға төлем мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

- 1 тармақ "инженерлік жүйелер" сөзінен кейін "сондай-ақ ішкі үйдегі газ қондырғыларына техникалық қызметке әрбір газ қондырғысына қосымша 15 теңге төлем белгіленсін", бұдан әрі мәтін бойынша;

- 2 тармақ мына мазмұнда мәтінмен толықтырылсын: "Табиғи газды пайдалануды үйлерге "Алматықалагаз" ҚКК (С.Х. Имажанов), толтырылған газды пайдаланушы үйлерге "Облгаз" ЖШС (Е.Ф. Валтер) ішкі үйлердегі газ қондырғыларына техникалық қызмет көрсетсін";

- Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына сәйкес 6 тармақ алынып тасталсын;

- Шешімнің 4-тармағында қызмет көрсетудің осы түріне ақы төленбейді деп белгіленсін;

- 2, 3, 4, 5 тармақтары тиісінше 3, 4, 5, 6 тармақтар болып есептелсін;

- N 1 қосымша да;

- 2 тармақ мына сөздермен толықтырылсын - "жасыл желектерді және үй

а у л а л а р ы н с у ғ а р у " ;
 - 5 тармақ мына бөліммен толықтырылсын;
 - "газ жүйелерін техникалық қамтамасыз ету" (N№1 қосымшаға толықтыру).

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң

Әкімі

В.Храпунов

Алматы қаласы Әкімінің
 1999 жылғы 30 сәуірдегі
 N 3 0 7 N

1 қосымшасына толықтыру

5 т.	Ішкі үйлердегі газ қондырғыларына техникалық қызмет көрсету 1. Газ жабдықтаудан алып тастамай жылдық тексеру қалыпты жұмыстарын жүргізу 1.1. Ішкі тексеру жұмыстары: а) газ приборларымен, газ өткізгіштерін монтаждау талаптарына сәйкес "Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік Е р е ж е с і " , б) газ қондырғыларының жағдайымен жұмыс төзімділігі, в) үйдегі ыс тартатын және қондырғылардың болуы (газ аппараттары орналастырылған жерлерде ыс тартатын қондырғылардың болуы). 1.2. Көрсеткіштер алдындағы крандардың жабылуының болуы 1.3. Барлық крандарды майлау және жұмысын қадағалау және сыртқы ғимараттың крандарын жұмысқа әзірлеу (ескі типтегі тұрғын үйлердегі пәтерлердің қабаттарындағы аталған крандар) . 1.4. Ішкі үйлердегі газ өткізгіштердің және олардағы арматуралардың (крандардың) жабдықтардың көрсеткіштері арқылы (газ индикаторлары) немесе сабын эмульсиясының қоспасымен жұмыс төзімділігін тексеру. 1.5. Жабдықтарды майлау, тазалау және жөндеу: - крандарды, газ приборлары алдындағы (тетіктері); - крандар, газ приборларының қондырғыларындағы (аппараттарындағы). 1.6. Газда жағу арқылы оның жұмысын тексеру. Газ аппаратының тетіктері толық жануы тиіс және жұмысқа төзімді болуы керек. 1.7. Тұрмыстық газ аппараттарының жұмыс төзімділігін тексеру, олардың газ қондырғыларының автоматтылығын реттеу және тазалап, жұмысқа әзірлеу. 1.8. Барлық жұмыс істемейтін тетіктерді анықтау, істен шыққан газ аппараттарының бөлшектерін жөндеу, істен шыққандарын алмастыру.	15 теңге (әрбір газ қондырғысынан)
------	--	------------------------------------

Алқа хатшысы

К.Тәжиева